

КЕПІЛДІК

Бұйым кепілдігі —12 ай

Кепілдік келесіге қолданылмайды:

- сатып алушы тасымалдаған кездегі зақымдарға;
- осы нұсқаулықта берілген құрастыру, пайдалану және сақтау ережелері сақталмаған жағдайда;
- шығыс материалдарына (грипсалар және т.б.).

Өнім атауы	
Өнім сипаттамасы	
Сатып алу күні	
Телефон	
Ескерту	

Сауда белгісі: KETTLER

Модель: CHIN UP BAR 07371-300 62–99 cm

Өндірілген күні (айы, жылы) бұйымда көрсетілген.

Қытайда жасалған

Импорттаушы және дайындаушы уәкілеттік берген ұйым: «Спортмастер Казахстан» ЖШС

Заңды мекенжайы: 117437, Мәскеу қ., Миклухо-Маклай к-сі, 18-үй, 2-корп., 102-бөлме

Анықтама қызметі: 8 495 777-777-1

Бұл тауар Ресей Федерациясының заңнамасының талаптарына сәйкес сатылады.

Кепілдік жөндеу кезінде немесе заңда көзделген өзге де талаптар қойылған кезде тауарды сатып алу күнін растау үшін ілеспе құжаттарды (чек, түбіртек, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар) сақтауыңызды сұраймыз.

Өндіруші тұтынушыға алдын ала хабарлама жібермей, бұйымның жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне, соның ішінде аппараттық және бағдарламалық жасақтамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.




ЕСІК ОЙЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛЖЫМАЛЫ
ТУРНИК (62–99 CM)
CHIN UP BAR | 07371-300



МАКС.
100 KG

ҚОЛДАНУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

KZ



1-әдіс. Есік ойығына қатты емес бекіту.

1. Турникті қаптамадан шығарыңыз. Турниктің қозғалғыш элементтерін (2) орнату орнының еніне сәйкес келетін қажетті ұзындыққа дейін бұраңыз. Есік ойығындағы турникті өзіңізге қолайлы биіктікке дейін көтеріп, турникке тартылу кезінде корпустың негізгі бөлігі (1) өзіңізге қарай бұрылатындай етіп көлденең орналастырыңыз. Корпустың негізгі бөлігін (1) есік ойығына тірілгенше бұрау арқылы турникті бекітіңіз.

⚠ МАҢЫЗДЫ! Турниктің артқы жағынан ұстап тартылмаңыз, өйткені есік ойығына бекітілген турник айналу арқылы босап кетіп, жарақатқа әкелуі мүмкін.

2. Бірнеше жаттығуды абайлап орындап көру арқылы турниктің мықтап бекітілгенін тексеріңіз.

⚠ МАҢЫЗДЫ! Тартылу кезінде турниктің шеткі жақтары сырғымауы немесе турник «әрі-бері» қозғалмауы тиіс. Әйтпесе, 1-қадамды қайталаңыз немесе турникті 2-әдіс бойынша орнатыңыз.

2-әдіс. Есіктің ағаш ойығына қатты бекіту.

1. Бекітпе мен турникті қаптамадан шығарыңыз. Турниктің қозғалғыш элементтерін (2) қажетті ұзындыққа дейін бұраңыз. Есік ойығындағы турникті өзіңізге қолайлы биіктікке дейін көтеріп, турникке тартылу кезінде корпустың негізгі бөлігі (1) өзіңізге қарай бұрылатындай етіп көлденең орналастырыңыз. Есік жақтауының босағасына турниктің бүйірлік пластик тіреуіштері бекітілетін орынды қаламмен белгілеп алыңыз. Бекіту нүктелері бір-біріне дәл қарама-қарсы орналасып, турник тура тұрғанын тексеріңіз. Жиынтықтағы 3 бұраншегені тірек тостағандарға орнатыңыз. Шурупты тығыздағышқа (пластик тіреуіш) салып, оны бұрауыш арқылы есік ойығының ағаш босағасында белгіленген жерлерге бұраңыз. Егер турникті ағаштан бөлек материалға бекіту қажет болса, құрастырушы маманмен кеңесіңіз.
2. Есік ойығындағы турникті өзіңізге қолайлы биіктікке дейін көтеріп, турникке тартылу кезінде корпустың негізгі бөлігі (1) өзіңізге қарай бұрылатындай етіп көлденең орналастырыңыз. Турниктің қозғалғыш элементтерін (2) дөңгелек тығыздағыштардағы отырғызу тесіктеріне кіргізіп, қабырғаға тірелгенше бұрап шығарыңыз. Корпустың негізгі бөлігін (1) есік ойығына тірілгенше бұрау арқылы турник қалпын бекітіңіз.


⚠ МАҢЫЗДЫ! Турниктің артқы жағынан ұстап тартылмаңыз, өйткені есік ойығына бекітілген турник айналу арқылы босап кетіп, жарақатқа әкелуі мүмкін.

3. Бірнеше жаттығуды абайлап орындап көру арқылы турниктің мықтап бекітілгенін тексеріңіз.

⚠ МАҢЫЗДЫ! Тартылу кезінде турниктің шеткі жақтары сырғымауы немесе турник «әрі-бері» қозғалмауы тиіс. Егер олай болмаса, турник корпусының негізгі бөлігі (1) мен шуруптар дұрыстап бұралғанын тексеріңіз.

Турникті орнату кезінде қабырғалардың немесе есік ойықтарының конструкциялық ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың материалдарын ескеру қажет. Турникті есік жақтауларының немесе қабырғалардың келесі материалдарына орнатуға болады:

- ағаш массивінен;
- бетоннан;
- кірпіштен;
- металдан;
- басқа да берік материалдардан.



Турникті пластик есіктер ойығына, гипсокартонға, астына қосымша тақтайшалар қойылған есік жақтауларына, басқа да сынғыш материалдардан жасалған ойықтарға, сондай-ақ беріктігі не көтергіштігі белгісіз не сенімді емес конструкцияға орнатуға болмайды.

Ерекшеліктері:

- турниктің әмбебап ыңғайлы ұзындығы: 62–99 см;
- есік ойығына бұраншегелермен (шуруптармен) бекіту;
- бүкіл иық белдеуі, іш, қол және арқа бұлшықеттерін жаттықтыруға арналған.

Турникте келесі әрекеттерді орындауға қатаң түрде тыйым салынады:

1. Бойы мен салмағына қарамастан, турникке екі адам болып асылуға;
2. Турникте сілкініп тартылуға;
3. Турникті бекітпелерден жұлып алуға тырысуға;
4. Турникте басты төмен қарай салбыратып асылып тұруға;
5. Турникті басқа мақсатта пайдалануға.

Міндетті түрде

Әр пайдалану алдында:

1. Турник тура тұрғанын тексеріңіз. Егер қажет болса, турникті қайта орнатыңыз;
2. Турник тірек беттерге мықтап бекітілгенін абайлап тексеріңіз. Егер қажет болса, турникті реттеңіз немесе қайта орнатыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Максималды пайдаланушы салмағы, кг	100
Максималды статикалық жүктеме, кг	200
Құрамы	Ұнтақты бояумен сырланған болат, NBR резеңкесі, ПВХ
Салмағы, кг:	2

ЖИЫНТЫҚТАМА

№	Атауы	Саны
1	Турник	1 д.
2	Бұраншегелер (шуруптар) жинағы	8 д.
3	Тығыздағыштар	2 д.
4	Қосымша ұстағыш (тостағандар)	2 д.

КҮТІМ ЖАСАУ ҰСЫНЫМДАРЫ

- Егер қажет болса, турникті губкамен немесе жұмсақ шүберекпен сұрту ұсынылады
- Бұйымды өткір және ыстық заттардан, ашық оттан, ылғалды және лас жерлерден аулақ ұстаңыз.